

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫ  
ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ДАМУ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
КОМИТЕТІНІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫ

2019 жылғы 10 қыркүйек

Отырысты Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы М.БАҚТИЯРҰЛЫ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті әріптестер, бөлім қызметкерлері және бүгінгі комитет отырысына шақырылған лауазым иелері! Комитеттің кеңейтілген отырысын өткізу үшін кворум бар. Комитеттің кеңейтілген отырысын ашық деп жариялаймын. Келісесіздер ме?

ОРНЫНАН. Келісемін.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, сіздерге күн тәртібі алдын ала таратылған. Басқа ұсыныс болмаса, күн тәртібін бекітейік. Бекітеміз бе?

ОРНЫНАН. Бекітеміз.

ТӨРАҒА. Күн тәртібінде бір ғана мәселе қаралады, ол Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропалық ядролық зерттеулер жөніндегі ұйым (CERN) арасындағы ғылыми-техникалық ынтымақтастыққа қатысты халықаралық ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Аталған заң жобасы бойынша баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министрі Есімханов Сұңғат Қуатұлына беріледі.

ЕСІМХАНОВ С.Қ. Құрметті Мұрат Бақтиярұлы, құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропалық ядролық зерттеулер жөніндегі ұйым (CERN) арасындағы ғылыми-техникалық ынтымақтастыққа қатысты халықаралық ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Заң жобасы ұсынылып отыр.

«Қазақстан-2050» стратегиясындағы ядролық қаруды таратпау режимін ілгерілету саясатының арқасында еліміз осы саланың көшбасшысы болып танылды. Бүгінгі таңда Қазақстан атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалануды белсенді дамытуда.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев атап өткендей, ядролық қауіпсіздік саласында маңызды бақылау шараларын қабылдаған кезде халықаралық қоғамдастық энергетика және жоғары технологиялар саласындағы жаһандық трендтерді назардан тыс қалдырмауы тиіс.

Сондықтан Қазақстан Республикасының атом саласы технологиялық әлеуетті дамыту тұрғысынан перспективті салалардың бірі. Біздің ғылыми-техникалық адами әлеуетіміз (потенциалымыз) қазіргі уақытта ядролық физика және қолданбалы зерттеулер саласындағы ең

маңызды мәселелерді шеше алады деп айта аламыз. Қазақстан Ұлттық ядролық орталығының және Ядролық физика институтының ғылыми мекемелерінде үш атомдық зерттеу реакторы және басқа да ядролық қондырғылар жұмыс істеп тұр.

Ядролық құзыреттілікті арттыруға күш-жігер салу арқасында Қазақстан қазіргі уақытта іргелі және қолданбалы ядролық физика, ядролық және радиациялық технологиялар бойынша өз бетінше жұмыс атқара алатын елдер қатарында. Біздің ең дамыған елдермен тең жағдайда жұмыс істеуге мүмкіндігіміз бар.

Халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық және жобаларға қатысу академиялық қоғамдастықтың күш-жігерін, ғылыми және білім әлеуетін біріктіруге мүмкіндік береді. Оған қатысушылардың ресурстары мен мүмкіндіктерін оңтайлы пайдалану арқылы қол жеткізуге болады.

Бұл мақсатта 2016 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен Еуропалық ядролық зерттеулер ұйымымен ынтымақтастықты дамыту бойынша жұмыс басталды. 2016 жылы тиісті тапсырмалар берілді.

Еуропалық ядролық зерттеулер ұйымы (CERN) қарапайым бөлшектер физикасын зерттеу саласында әлемдегі жетекші ұйым болып табылады. CERN-нің үлкен коллайдері – өзінің ауқымы мен күрделілігі бойынша бірегей инженерлік, ғылыми кешен. Ол әлемдегі ең үлкен коллайдер болып саналады.

Жоғары энергиялар физикасы мен бөлшектер физикасы саласындағы табысты зерттеулерді көптеген ел ғалымдарымен бірлесіп қана жүргізуге болады. Сондықтан CERN 1954 жылы Франция, Италияның белгілі физиктерінің ұсынысымен құрылған.

Бүгінгі күні CERN-ге 23 мемлекет мүше ретінде кіреді. Бұған қоса кейбір елдер бақылаушы ретінде қатысады. Бүгінгі күні CERN-де 2400-ден астам тұрақты жұмыс істейтін ғалымдар бар, оған қоса әлемнің 113 мемлекеттің 580 университетіндегі 10 мыңнан астам физиктер мен инженерлер CERN-нің халықаралық эксперименттеріне қатысып, уақытша жұмыс істейтін дәрежелері бар. Сондықтан осы тізімге біз де кірсек деген ниетпен осы жұмыс жасалып жатыр.

CERN-мен ынтымақтастықтың біз үшін маңызы өте зор әрі оның келешегі де жақсы. Біріншіден, ол ресурстарды басым бағыттарға шоғырлауға, яғни алдымен іргелі білім, кейін технологиялар бойынша жұмысты бастауға мүмкіндік береді. Осыған орай жоғарыда айтылған тапсырманың негізінде келіссөздер жүргізіліп, 2018 жылдың маусым айында Энергетика министрлігінің делегациясы барып, Женева қаласында осы келісімге қол қойылды.

Осы келісімді ратификациялау ғылыми байланыстарды одан әрі нығайтуға жағдай жасайды деп сенеміз. Біздің ғалымдар мен инженерлер, студенттер және техникалық мамандарға да ұзақ мерзімде CERN-мен

ғылыми-зерттеу жобаларына қатысуға жол ашады деп ойлаймыз. Сондықтан осы келісім-шартты ратификациялауға шығарып отырмыз.

Тағы бір қосымша айтатын мәселе, бұны ратификациялағаннан кейін Қазақстанға Non-member state мәртебесі беріледі. Яғни CERN-ға мүше емес мемлекет мәртебесі деген бар. Бұл мәртебе қазақстандық ғалымдар мен мамандарға барлық қондырғыларға, зерттеулерге тұрақты қатысуға мүмкіндік береді, екіншісі, біз бұл үшін мүше ретінде ешқандай қаражат төлемейміз. Оны Бақытжан Тұрсынұлы бастаған жұмыс тобында толық баяндағанбыз.

Сонымен бірге CERN-ді ратификациялау жүріп жатса да біз Білім және ғылым министрлігімен бірігіп тиісті Жол картасын бекіттік. Оған осы саладағы қазір істейтін Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, «Физика-техникалық институт» ЖШС мамандарымен бірігіп Жол картасын әзірледік. Біраз жұмыс басталды.

Зерттеулер бойынша осы CERN-ге кіретін Варшава университетімен біздің Ядролық физика институты мен Қазақ ұлттық университетінің мамандары тиісті зерттеулер бастады. Осы тамыз айында Жол картасы аясында Қазақ ұлттық университетінің негізінде Төртінші халықаралық жазғы мектеп өтті. CERN-нің тәжірибесі – жазғы мектептер өтіледі, жас ғалымдарды жинап, бір-біріне тәжірибелерін көрсету. Осы жазда біздің республикадан 40-қа жуық ғалымдар осы ядролық физика бойынша тәжірибе алды.

Іргелі және қолданбалы ғылымның деңгейі – мемлекет дәулетінің маңызды көрсеткіші, сондықтан осы келісім оны дамытуға мүмкіндік береді деп ойлаймыз. Осыған орай осы аталған заң жобасын сіздердің қолдауларыңызды сұраймыз.

Назар қойып тыңдағандарыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Сұңғат Қуатұлы, жан-жақты баяндағаныңызға рақмет.

Құрметті әріптестер, енді сұрақтарға көшейік. Баяндамашыға сұрақтарыңыз бар ма?

Комитет хатшысы Серік Шыңғысұлы.

БЕКТҰРҒАНОВ С.Ш. Рақмет.

Мен бұл келісімді қолдаймын, бірақ бірнеше сұрағым бар.

Первый вопрос. Россия не является членом этой авторитетной международной организации, а работает там в качестве наблюдателя, хотя мы знаем, что Россия в ядерной физике занимает не последнее место в мире. По какой причине?

Второй вопрос. Статья 3 «Формы сотрудничества». Казахстан поддерживает исследовательские проекты. Там записано, что поддержка может быть в виде кадрового потенциала, ноу-хау, оборудования, материалов, финансовых средств и любой их комбинации. По кадрам все понятно, достаточно подробно в Мажилесе этот вопрос обсуждался.

Предполагаются ли финансовые средства в качестве поддержки этой организации? Если да, то за какой счет? Только, пожалуйста, без ссылки на

то, что это стандартная форма соглашения, все его в такой форме подписывают. Когда мы соглашение обсуждаем, подписываем, то каждую строчку, каждое слово выверяем, какие могут быть последствия. В данном случае меня смущает слово «ноу-хау». То есть мы свои «ноу-хау» (наверное, не очень большие, но есть) будем отдавать, оборудование, материалы и финансовые средства.

Третий вопрос. В конце своего выступления Вы сказали в отношении Дорожной карты, по которой мы уже работаем. Она подписана ранее, чем соглашение ратифицировано, оно еще не вступило в силу. Получается, что мы уже начали работать по Дорожной карте с этой организацией. Насколько тогда есть необходимость в данном соглашении, если мы спокойно работаем в рамках Дорожной карты, которую ваше министерство и Министерство образования и науки подписали? Спасибо.

ЕСІМХАНОВ С.Қ. Серік Шыңғысұлы, сұрақтарыңызға рақмет.

По первому вопросу. Да, Россия является наблюдателем. Но как вы знаете, CERN - это европейская организация. И в России есть Дубна, это такая же организация, которая была создана. Мы тоже являемся членами этой организации. И Россия основную работу ведет в рамках этой организации. Она там является основным донором. Россия в CERN зашла как наблюдатель.

Параллельно есть сотрудничество CERN и Дубны. Россия является основным донором в Дубне, поэтому она не является членом CERN. Но сейчас границы стираются, уже совместные исследования и работы в этой части идут.

По кадровому потенциалу. Да, в соглашении эти вещи прописаны. Когда мы говорим о ноу-хау или каких-то наших возможностях, например, когда делегация во главе с руководителем CERN приезжала в Казахстан, посещала Институт ядерной физики, они были удивлены, что у нас ускорители такого уровня могут производить радиоизотопы и так далее. Поэтому в этой части мы говорим, что такие достижения будем совместно использовать.

По финансовой части. Если на два разделить, как я сказал, мы взносы в CERN не платим, в этой части мы являемся государством – не членом CERN.

В части конкретных есть несколько направлений финансирования. Если наши ученые, специалисты, инженеры будут участвовать в конкурсах, которые объявляет CERN, и мы в эти исследования попадаем, тогда финансирование идет со стороны CERN (проживание, оплата труда и так далее). А если мы говорим о каких-то совместных исследованиях, тогда будет идти двустороннее финансирование. Наши институты и университеты работают в рамках своих средств или в рамках тех грантов, которые выделяет Министерство образования и науки на какие-то исследования. На первом этапе планируем так. А в дальнейшем, когда сотрудничество пойдет, мы будем выходить с предложениями, как

Бакытжан Турсынович нам советовал, совместно с министерством будем в бюджет какие-то вещи дополнительно вкладывать.

Когда мы говорим о Дорожной карте, да, мы ее сделали чуть раньше, чтобы все-таки какой-то процесс у нас пошел, чтобы наши ученые, тот же Институт ядерной физики и КазГУ, кафедра физики, какие-то первые контакты начинали, чтобы не задерживать. Но без этого соглашения CERN не запускает на свои полноценные проекты, а запускает только своих членов, наблюдателей, которые имеют такое соглашение. Для нас это было препоной, поэтому эту Дорожную карту заранее сделали. Но без соглашения полностью мы зайти не сможем.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Нұртөре Байтілесұлы Жүсіп.

ЖҮСІП Н.Б. Құрметті Сұңғат Қуатұлы, ратификация дегеннің бәрі жақсы, бірақ негізі түпкі нәтижесі – Қазақстанның жас ғалымдарының белгілі бір мерзімде нәтижеге жету жағын қарастырған дұрыс шығар деген тілек айтқым келеді. Мысалы, кеңес кезеңінде совет ғылымын Курчатов, Королев, Келдыш деген үш алып қандай биікке көтергенін бәріміз жақсы білеміз.

Сол сияқты Ядролық физика институты бар, ҚазҰУ бар, ЕҰУ-да осымен айналысатын ғалымдар бар, біздің жас ғалымдардан сондай үлкен дәрежеге жететін, халықаралық танымалдыққа ие болатын тұлғаларды шығару, бұл келісімнің мақсаты сондай болса дұрыс болар еді. Қазірден қабілетті, дарынды, білікті жастарды бағыттап, халықаралық тәжірибені үйрене отырып біздің қазақ ғылымының жаңа сәтбаевтары шығу керек қой. Бұл келісімнің негізі мақсаты сондай бағытқа қарай түсу керек шығар деп ойлаймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Бұл ұсыныс қой. Тағы бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда осы аталған заңның жобасы бойынша қосымша баяндама жасау үшін сөз комитет мүшесі сенатор Жұмағұлов Бақытжанұлына Тұрсынұлына беріледі.

ЖҰМАҒҰЛОВ Б.Т. Құрметті Мұрат Бақтиярұлы, құрметті әріптестер! Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ядролық зерттеулер жөніндегі еуропалық ұйым (CERN) арасындағы ғылыми-техникалық ынтымақтастыққа қатысты халықаралық ынтымақтастық туралы келісімге 2018 жылғы 29 шілдеде Қазақстан делегациясының Ядролық зерттеулер жөніндегі еуропалық ұйымға сапары барысында Женевада қол қойылған болатын. Ол туралы Сұңғат Қуатұлы толық айтып берді.

Қазақстан уран кен орындары бойынша әлемдегі көшбасшылардың бірі болып табылады, ал жыл ішінде уран өндіру көлемі бойынша еліміз әлем бойынша бірінші орында.

Қазақстанның атом өндіру саласы - өнеркәсіптің экономикалық қуатын қамтамасыз ететін басты және маңызды саласы. Технологиялық,

ғылыми, инновациялық даму тұрғысынан да, дамудың «қайнар көзі» деп айта аламыз.

Бұл саладағы ғылыми-технологиялық деңгей елеулі мәнге ие және мемлекеттің әлемдегі бәсекеге қабілеттілігі туралы батыл айтуға мүмкіндік береді.

Осы биік деңгейді қамтамасыз ету үшін жетекші әлемдік орталықтармен ынтымақтасу және халықаралық жобаларға қатысу өте маңызды.

Бұл Қазақстан дамуының одан әрі өсуін және әлемдік деңгейін жүйелі түрде арттыруға жол ашады.

Ғылыми-технологиялық, ғылыми және кадрлық әлеуетті жетілдіруді, идеялық базаны және отандық зерттеулер мен жобалардың зияткерлік капиталын толықтыруды қамтамасыз етеді.

Мұндай ынтымақтастық ядролық ғылым мен техника бойынша жоғары білікті мамандарды даярлау сапасын арттыруға, еліміздің заманауи технологиялардың әлемдік жүйесіне тиімді кіруіне серпін береді.

Осындай ынтымақтастық Қазақстан ғалымдарының, ғылыми ұйымдары мен жоғары оқу орындарының CERN зертханаларымен іргелі және қолданбалы зерттеулерге қатысып, ядролық медицинада, ядролық физикада және тағы басқа салаларда белсенді жұмыс істеуге жол ашады.

Бұдан басқа келісім Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ядролық қаруды таратпау және атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саясаты аясында тұрғанын атап өткім келеді.

Жоғарыда аталғандардың барлығы CERN – Ядролық зерттеулер жөніндегі Еуропалық ұйыммен ынтымақтастықтың болашағы бар екендігін көрсетеді.

CERN жоғары энергия және элементарлы бөлшектер физикасы саласындағы ең танымал әлемдік орталық. Ол бәрімізге мәлім.

Дубнада мен өзім болдым, Дубна да үлкен зерттеулер жүргізіп жатыр. Қазақстанның ең мықты физиктері сол жерде өзінің ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп жатыр. Қазір жол ашылып отыр, Динара Жүсіпәліқызы айтқандай, ғалымдардың бағы ашылып отыр, Еуропадағы үлкен зерттеу орталығына кіргелі отырмыз. Ол тек қана кадр дайындау емес, өзіміздің ғылыми жұмыстарымызды да алға жылжытуға үлкен мүмкіндік береді. Шетелден келген ғалымдар, эксперттер біздің Қазақстанда қандай ғылыми-зерттеулер жүргізіліп жатқанын көріп, Қазақстанда осындай үлкен зерттеулер жүргізіліп жатыр деп біз ойламап едік деп таңғалып кетті. Сондықтан бұл ары қарай біздің дамуымызға үлкен серпін береді деп ойлаймын.

Қаралып отырған келісімді ратификациялау қазақстандық ғылымның CERN-мен ынтымақтастығын қамтамасыз етуге тиісті құқықтық негіз береді.

Құрметті әріптестер! Қаралып отырған заң жобасы жұмыс тобында жан-жақты және мұқият қаралды. Энергетика министрлігі мен Білім және

ғылым министрлігінің мамандары сұрақтардың бәріне толық жауап берді. Енді кейбір ұсыныстарымыз бар (оны жалпы отырыста айтармыз), кадрларды даярлау жөнінде де ұсыныстарымыз бар.

Мына жобаларды қаржыландыруға да біз қосымша өзіміздің пікірімізді айтамыз.

Заң жобасын дайындаушылар барлық қойылған сұрақтарға жауап берді. Басқа комитеттерден ұсыныстар мен толықтырулар келіп түскен жоқ. Осы заң жобасын қолдау туралы ұсынысты мен сіздерге ұсынамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Бақытжан Тұрсынұлы, жан-жақты баяндамаңыз үшін үлкен рақмет. Біз біраз мәлімет алдық.

Жалпы заң жобасы бойынша, әріптесіміз Бақытжан Тұрсынұлы айтқандай, жұмыс тобында жан-жақты қаралды, талданды, сұрақтарға тұжырымды жауаптар алынды. Сондықтан мына қаралып отырған заң жобасын тұжырымдамалық негізде қолдап, Сенат отырысына жіберуді сұраймын. Қалай қарайсындар?

ОРНЫНАН. Келісеміз.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Онда Сенат отырысында баяндамашы ретінде Энергетика министрі Бозымбаевтың кандидатурасы ұсынылады. Қосымша баяндамашы ретінде Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі әріптесіміз Жұмағұлов Бақытжан Тұрсынұлының кандидатурасы ұсынылады. Келісесіздер ме?

ОРНЫНАН. Келісеміз.

ТӨРАҒА. Қарсылық болмаса, шешім қабылданды.

Сұңғат Қуатұлы, сізге үлкен рақмет. Сіздей баяндамашылар көбірек болса екен бізде, өте мұқият, жан-жақты дайындалып, жауап бердіңіз. Жұмысыңызға табыс тілейміз!

Осымен комитеттің кеңейтілген отырысын жабық деп жариялаймын.

## ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

Әлеуметтік-мәдени даму және  
ғылым комитетінің төрайымы

М. Бақтиярұлы

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық  
қамтамасыз ету басқармасының  
инженерлік орталығы» РМК директоры

С. Теңбаев

ОРЫНДАҒАН:

Стенографиялау қызметінің  
жетекші редакторы

И. Шыныбаева